**2010 жылы өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша мемлекеттік коммуналдық меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 436 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 3 желтоқсанда № 3741 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 23 маусымдағы № 08-10/1744 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011.06.23 № 08-10/ 1744 хатымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына және "Өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 наурыздағы № 243 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылы өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша мемлекеттік коммуналдық меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. "2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша коммуналдық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 80 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

3709 тіркелген, 2010 жылғы 7 сәуірдегі "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі С. Кулагин*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" ММ бастығы __________ С. Аймұхамбетова*

Әкімдіктің 2010 жылғы 29 қазан № 436 қаулысымен бекітілген

## 2010 жылы өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша мемлекеттік коммуналдық меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесі

| Рет-тік саны | Объектінің атауы | Объектінің мекенжайы және баланс ұстаушысы | Негіздеме | Объектінің ахуалы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Жалпы ауданы 463,3 шаршы метр бұрынғы қойма ғимараты | Арқалық қаласы, Горбачев көшесі, 46/2, "Арқалық қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 1-28/759 хаты | Жағдайы қанағат-танарлық |
| 2. | Жалпы ауданы 247 шаршы метр бұрынғы баспахананың бір қабатты ғимараты | Аманкелді ауданы, Аманкелді селосы, Дүйсенбин көшесі, 44 А, "Аманкелді ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль | Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімінің орынбасары 2010 жылғы 9 маусымдағы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | № 02-17/495 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 3. | Жалпы ауданы 327 шаршы метр бұрынғы орталық қазандықтың ғимараты | Денисов ауданы, Аршалы селосы, Школьная көшесі, 13, "Денисов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 1134 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 4. | Жалпы ауданы 119,3 шаршы метр бұрынғы мектеп қазандығының ғимараты | Денисов ауданы, Аршалы селосы, Школьная көшесі, 13а, "Денисов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 1134 хаты | Күрделі жөндеуді талап етеді |
| 5. | Жүк тиеу-түсіру алаңымен теміржол тұйығы | Денисов ауданы, Денисов селосы, бұрынғы "Сельхозтехника" акционерлік қоғамы аумағы, "Денисов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 1134 хаты | Жағдайы қанағат-танарлық |
| 6. | Жалпы ауданы 348,3 шаршы метр бұрынғы автомобиль гаражы ғимараты | Денисов ауданы, Денисов селосы, Советская көшесі, 62, "Денисов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 1134 хаты | Жағдайы қанағат-танарлық |
| | Жалпы ауданы 168,1 шаршы | Денисов ауданы, Некрасовка селосы, Мир көшесі, 1, Денисов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, | Қостанай облысы Денисов ауданы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | метр бұрынғы монша ғимараты | жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Дидар" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | әкімінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 1134 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 8. | Жалпы ауданы 479,6 шаршы метр бұрынғы кеңсе ғимараты | Федоров ауданы, Малороссийка селосы, Садовая көшесі, 3, "Федор ауданы Украин селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы, Федоров ауданы әкімі 2010 жылғы 14 қыркүйек-тегі № 2-28/936 хаты | Жағдайы канағат-танарлык |
| 9. | Жалпы ауданы 161,5 шаршы метр бұрынғы алты пәтерлі тұрғын үй ғимараты | Денисов ауданы, Зааят селолық округі, Зааят селосы, Дорожная көшесі, 51, "Денисов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 6 қаңтардағы № 19 хаты | Қирауға ұшырауда |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК